

ӘОЖ 91:001.89

## ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

*Айдарбек Нұрсүндет Нысанғалиұлы*

2 курс студенті, «Б01506-География» білім беру бағдарламасы,  
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,  
Арқалық қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші:** Алимбаев Қанат Сейітқасымұлы  
педагогика ғылымдарының магистрі, Б.Алтынсарин атындағы Арқалық  
мемлекеттік педагогикалық институты

*География – бұл Жерді, оның табиғи орта-сын, адам мен табиғат арасындағы байланыс-тарды зерттейтін ғылым саласы. География ғылымы адамзаттың әртүрлі табиғат жағдай-ларында өмір сүруіне, шаруашылық қызметін ұйымдастыруға, табиғи ресурстарды тиімді пай-далануға, сондай-ақ экологиялық теңгерімді сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар география ғылымы адамның тарихи дамуында, оның мәдениеті мен экономикасында маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда географияның рөлі тек қана жердің физикалық сипаттамаларын түсіндірумен шектелмей, экология, экономика, әлеуметтік даму сияқты маңызды аспектілерді қамтитын кең ауқымды зерттеулерді талап етеді. Осы мақалада география ғылымының қоғам өміріндегі маңызы мен оның дамуындағы негізгі бағыттарға тоқталып өтеміз.*

**Кілт сөздер:** География ғылымы, табиғи орта, адам мен табиғат байланысы, қоғам өмірі, географиялық карталар, географияның даму бағыттары, географиялық білім.

Ғылымдардың даму тарихын талдасақ, география ғылымы солардың ең бастауында тұратынын түсінеміз. Жердің өз осінен айналуы, оның геоид пішінді екендігі, ендіктер мен бойлықтардың қалыптасуы жайлы болжамдар, тіршіліктің, шаруашылықтың, өндірістің дамуының негізі географияда жатқанымен түсіндірілуі керек. Жердің ерекшелігін, қозғалысын, қалыптасу заңдылығын түсіндіру география ғылымының үлесіне тиеді. Қандай ғылым болмасын, оны жасайтын – адам. Сол адам жербетінде өсіп-дамып, ғылым жасап, жаңа инновациялық технологияларды ғылыми техникалық өрлеуге жеткізеді. Ғылыми техникалық өрлеу болашақ ұрпақ жүргізетін қазақ жерінің

табиғилығын анықтауда тың жаңалықтар ашуы мүмкін. «География» дегеніміз не, қандай салаларға бөлінеді, қашан пайда болған, «география» ғылымын ашқан ғалымдар кімдер, жер беті қанша қабаттан тұрады, олар нені зерттейді? Қысқасы, біз өмір сүріп жатқан әлем мен оның ішкі құрылысы кімді де болмасын қызықтырары сөзсіз. Ал ол әлемді тереңнен зерделейтін ғылым-география. География ғылымы грек тілінен аударғанда *«гео-жер, графо-жазу»* деген мағынаны білдіреді. Ол ғаламшардағы табиғат әлемін, халықтар және олардың шаруашылық іс-әрекеттерін зерттейді. География – өте ерте ғасырда пайда болып, қалыптасқан ғылым. Мәселен, б.з.б. 6 ғасырда «жалпы жертану» (Аристотель), елтану (Геродот) бағыттары айқындала бастады. Ал б.з.б. 1-2 ғасырларда Страбон «Елтану», Птолемей «География жөніндегі нұсқауы» атты еңбектер жазды. Жалпы алғашқы географиялық мәліметтер Шығыстың жазба деректерінен шыққан деседі. Грек ғалымы Эратосфен «География» атты еңбек жазып, табиғатты зерттеудің жан-жақты бағыттарын көрсетуге тырысады. Аталған ғылымға қосқан зор үлесі үшін Эратосфенді *«географияның атасы»*, – деп атайды. География кейде барлық ғылымдардың анасы деп аталады, өйткені ол ең алғашқы ғылыми пәндердің бірі болып табылады. Қазіргі география — бұл ғылымдардың тұтас кешені. География ең ежелгі ғылымдардың бірі екендігі бесенеден белгілі, ол зерттейтін құбылыстар аясы да өте ауқымды. Алғаш рет Сен 5-сынып-та география пәні туралы “Жер бетінің табиғатын, халқын және адамның шаруашылық қызметін зерттейтін пән” деп берілген ұғыммен танысқан едің. Бертін келе география пәнінің зерттеу нысаны географиялық қабық екенін де біліп алдың. География пәні екі ірі тармаққа – табиғи және әлеуметтік-экономикалық географияға бөлінетіні белгілі. Алғашқысы географиялық қабықты, оның компоненттерін және Жер бетіндегі геожүйелерді зерттесе, кейінгісі дүние жүзін, оның аймақтары мен мемлекеттері, қалалары мен ауыл-қыстақтары шеңберінде халықтарды, олардың өмір сүру салты мен мәдениетін, өндірістік салаларын, саяси құбылыстар мен оқиғаларды зерттейді. Географиялық білімдердің қамту аясы мен көлемінің ұлғаюы, пәннің ғылыми-практикалық маңызының тереңдеуі нәтижесінде табиғи және әлеуметтік-экономикалық географияның құрамында өзіндік мәніне орай бірнеше шағындау пәндер мен ғылыми-зерттеу бағыттары қалыптасты. Атап айтқанда, табиғи география шеңберінде дербес табиғат компоненттерін жан-жақты зерттейтін пәндер қалыптасып, тәуелсіз ғылым саласы ретінде даму жолына түсті: геоморфология (Жер бетінің бедерін зерттейді), климаттану (климаттық ерекшеліктерді зерттейді), гидрология (гидросфераны зерттейді, ол океанология мен құрлық гидрологиясына бөлінеді), гляциология (қар мен мұздықтарды зерттейді), геокриология (көп жылдық тоң жерлерді зерттейді), топырақтар географиясы (топырақтардың таралуын зерттейді) мен биогеография (тірі ағзалардың Жер бетіне таралуын зерттейді, ол геоботаника мен зоогеографияға бөлінеді). Ғаламшарлық маңызы

бар табиғи географиялық үдерістер мен географиялық қабықты біртұтас жүйе ретінде жалпы табиғи география зерттейді. Әлеуметтік-экономикалық география шеңберінде де осыған ұқсас тармақтану үдерісі дамып келеді. Соның нәтижесінде тұрғындар географиясы, қалалар географиясы (геоурбанистика), саяси экономика (дүние жүзінің саяси картасын, мемлекеттік шекараларды, саяси байланыстар мен үдерістерді зерттейтін ғылым), өнеркәсіп географиясы, ауыл шаруашылығы географиясы, көлік географиясы, туризм географиясы, қызмет көрсету саласы географиясы, этногеография (халықтар географиясы), діндер географиясы және басқа географиялық ғылым салалары пайда болды. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық географиялық пәндер арасында әлемдік экономика мен халықаралық еңбек бөлінісін зерттейтін әлемдік шаруашылық географиясы және әлемдегі мемлекеттерді жан-жақты зерттейтін мемлекеттану секілді кең ауқымды ғылымдар да қарыштап даму үстінде.

География – бүгінгі таңда мақсат-міндеттері мен зерттеу нысандары өзара тығыз байланысты бірнеше ғылымнан тұратын ғылымдар жүйесіне айналды деуге болады. Географиялық ғылымдар тобына жататын барлық ғылымдар өзара байланысты түрде, жалпыға ортақ ғылыми және практикалық мақсаттар жолында дамып келеді. Сан түрлі географиялық ғылымдардың ынтымақтастығы арқасында Жер жүзі және оның дербес аумақтары жөнінде біртұтас ұғым қалыптасады, мемлекеттер мен аумақтар дамуының ділгірліктері мен болашақтары анықталады, табиғатты қорғау мен оны ұқыпты пайдалануға, экономиканы дамытуға, халықтың тұрмыстық деңгейін кемелдендіруге қызмет ететін пікірлер мен ұсыныстар талданады. География ғылымының міндеттері ғылым мен қоғамның дамуына сәйкес өзгеріп отырды. Бүгінгі таңда заманалық географияның алдына бірқатар міндеттер қойылған, олардың ең бастысы – табиғат пен қоғамның өзара қарым-қатынастарын үйлестіру болып табылады. География – Жерді және онда болып жатқан барлық процестерді зерттейтін күрделі ғылым. Бұл пән жеке тұлға үшін де, экономиканың барлық салалары мен қоғам салалары үшін де маңызды.

География адамды өмірдің барлық салаларында дерлік сүйемелдейді:

- саяхатта – елдердің табиғатының, мәдениетінің, экономикасының ерекшеліктерін зерттеу үшін қажет;
- экономика мен өндірісте – ірі жобалардағы табыстың алғышарттарын түсінуге мүмкіндік береді. Бұған экономикалық география туралы білім ықпал етеді;
- күнделікті өмірде география елді мекенді бағдарлауға, әртүрлі табиғат құбылыстарындағы мінез-құлық ережелерін білуге көмектеседі;
- экологияда және өнеркәсіп пен табиғат арасындағы үйлесімділікті қалыптастыруда қажет;
- кәсіби салаларда – құрылыс, геодезия, геология, сәулет, химия, ауыл шаруашылығы.

Көріп отырғанымыздай, географияның маңызы зор және үнемі өсіп отырады. Географияның қолданылуын жан-жақты қамту оның ғылым ретіндегі құрылымымен байланысты.

География топтарға біріктірілген пәндер кешенін қамтиды:

- Физикалық-географиялық ғылымдар (физикалық география, топырақтану, климатология, гидрология). Физикалық география мен табиғи процестерді зерттеуге бағытталған.

- Қоғамдық пәндер (экономикалық география, этнография, саяси география).

- Жалпыгеографиялық ғылымдар (картография, геоэкология, елтану).

Географиялық білім — қоғамның дамуында маңызды рөл атқаратын негізгі білім салаларының бірі. Ол адамдарға өздері өмір сүріп жатқан әлемді, оның құрылымын, табиғат жағдайларын, мәдени ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Географиялық білім қоғамды тұрақты дамуға, экологиялық мәселелерді шешуге және әлемдік масштабта әртүрлі географиялық жағдайларды тиімді басқаруға септігін тигізеді.

### **Географиялық білімнің қоғамдағы маңызы**

#### **1. Табиғат пен қоғамның өзара байланысын түсіну**

Географиялық білім қоғамға табиғат пен адамның арасындағы өзара байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Жердің табиғи жағдайлары, климат, топырақ, су ресурстары мен экосистемалар адамның өміріне тікелей әсер етеді. География ғылымы бұл құбылыстарды зерттеп, олардың қоғамға, экономикаға және өмір сүру сапасына әсерін анықтайды. Мысалы, су тапшылығы немесе климаттың өзгеруі сияқты мәселелер адамзаттың тағдырына әсер ететін маңызды факторлар болып табылады.

#### **2. Экологиялық дағдарыстарды алдын алу**

Географиялық білім экологиялық дағдарыстарды болжауға және олардың алдын алу шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Жердің табиғи ресурстарын тиімді пайдалану, экосистемаларды қорғау және табиғатпен үйлесімді өмір сүру — қоғамның тұрақты дамуы үшін маңызды. Географиялық білім мен дағдылар экологиялық жағдайды жақсартуға және қоршаған ортаның тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

#### **3. Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму**

География табиғат пен қоғамның дамуын ғана емес, экологиялық және экономикалық жағдайдың тұрақтылығын да зерттейді. Тұрақты даму концепциясы — экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілердің тепе-теңдігін сақтау. Географиялық білім бұл мәселені зерттей отырып, халықты табиғатты қорғауға, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға және жаңартылатын энергия көздерін дамытуға шақырады.

#### **4. Жаһандық мәселелерді шешуге атсалысу**

Географиялық білім жаһандық деңгейде кездесетін мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, климаттың өзгеруі, табиғи апаттар, әлемдік су ресурстарының тапшылығы, азық-түлік қауіпсіздігі және әлемдік көлік жүйесі сияқты мәселелерге географиялық көзқарас керек. Географиялық білім адамдарға осы мәселелерді түсініп, оларды шешуге бағытталған тиімді стратегияларды әзірлеуге көмектеседі.

#### 5. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту

География халықаралық қатынастарды түсінуге мүмкіндік береді. Әлемнің әртүрлі елдері мен аймақтарындағы табиғи және әлеуметтік жағдайлар туралы білім, елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізеді. Географиялық білім мен мәліметтер халықаралық сауда, көлік, миграция және басқа да ғаламдық мәселелерді шешуде шешуші рөл атқарады.

#### 6. Мәдени және этникалық әртүрлілікті түсіну

Географиялық білім адамдарға әртүрлі мәдениеттер мен этностардың ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Әлемдегі әртүрлі халықтар мен ұлттардың географиялық жағдайы, тарихы және дәстүрлері бір-бірінен ерекшеленеді. Географиялық білім арқылы адамдар басқа мәдениеттермен танысып, олардың тұрмыс-тіршілігін құрметтеп, көпмәдениетті қоғамның дамуына үлес қосады.

### **Географиялық білімнің қоғамды дамытудағы рөлі**

#### 1. Жер ресурстарын тиімді пайдалану

География адамдарға жер ресурстарын қалай тиімді пайдалану керек екендігін үйретеді. Мысалы, ауыл шаруашылығында жердің топырақ құрамы мен климаттық жағдайларын ескере отырып, дақылдарды дұрыс таңдау маңызды. Географиялық білім осы саладағы тиімді әдістерді дамытуға көмектеседі.

#### 2. Қалалардың және ауылдардың дамуы

Географиялық білім урбанизация мен ауылдық аумақтардың дамуына әсер етеді. Қалалардың дамуы, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үй құрылысымен байланысты мәселелер, ауылдар мен қала арасындағы балансты сақтап, олардың дамуын қамтамасыз ету — географияның маңызды зерттеу салалары. Бұл қоғамның дамуы үшін қажетті шарттар мен стратегияларды әзірлеуге көмектеседі.

#### 3. Туризм саласын дамыту

Географиялық білім әлемдегі ең жақсы туристік бағыттарды анықтауға көмектеседі. Табиғи ландшафттар, тарихи ескерткіштер, мәдени мұралар — туристік индустрияның негізі болып табылады. География туризм саласының дамуына және экологиялық туризмнің танымал болуына ықпал етеді.

Географиялық білім қоғамның дамуында үлкен маңызға ие. Ол адамдарды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға, экологиялық апаттарды болжауға және әлемнің әртүрлі

бөліктеріндегі мәдениетпен танысуға бағыттайды. Географиялық білім арқылы қоғам өз дамуын тұрақты және үйлесімді түрде жүзеге асыра алады. Тек табиғатпен үйлесімді өмір сүру арқылы ғана біз қоғамның алдағы ұрпаққа жақсы әрі экологиялық таза әлем қалдыруына ықпал ете аламыз.

*География кейде барлық ғылымдардың анасы деп аталады, өйткені ол ең алғашқы ғылыми пәндердің бірі болып табылады. Қазіргі география - бұл ғылымдардың тұтас кешені*

Физикалық география нені зерттейді? Оның зерттеу пәні - жалпы планетаның географиялық қабығы: материктер, мұхиттар, жер бетіндегі ландшафттар (таулар, жазықтар, шөлдер). Геоморфология (Жердің рельефін зерттейді).

- Геокриология (мәңгі тонды зерттейді).
- Климатология және метеорология (зерттеу пәні — климат және ауа райы).
- Гидрология (су ресурстарын зерттейді).
- Гляциология (мұздықтарды зерттейді).
- Топырақ геологиясы.

Географияның бұл саласына геофизика (планетадағы күрделі физикалық процестерді зерттейді), геохимия (химиялық элементтерді, табиғи ресурстарды орналастыру), биологиялық география (тірі ағзаларды орналастыру) сияқты кең ауқымды ғылымдар жатады. Әлеуметтік география немесе халық географиясы халықтың құрамын, орналасуын, әртүрлі аумақтардағы қоғамдардың қалыптасуын зерттейді. Онымен демографиялық ғылым тығыз байланысты. Экономикалық география нені зерттейді? Әйтпесе шаруашылықтардың географиясы деп аталады. Оның зерттеу пәні - шаруашылық қызметінің әртүрлі нысандары, шаруашылық салаларының, шикізаттың әртүрлі аумақтарға орналасуы. Саяси география адамдардың саяси қызметі мен олар мекендейтін аумақтың өзара байланысын зерттейді. Бұл пәнде тар спецификалық бағыттар ажыратылады:

- геоурбанистика;
- туризм географиясы;
- қызмет көрсету саласының географиясы;
- мәдени география;
- өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік географиясы.

Сонымен қатар, жекелеген аумақтарда географиямен байланысты қолданбалы пәндердің практикалық маңызы бар. Бұл медициналық және рекреациялық география, әскери география және басқа салалар.

### **Экологиялық география**

Географиядағы бұл бағыт физикалық және адамдық (адамдық) географияның аспектілеріне қатысты. Экогеография қоршаған ортаның организмдердің таралуына әсерін зерттейді және география, ботаника, зоология

тоғысында орналасқан. Сонымен қатар, экологиялық географтар адамның шаруашылық қызметімен қоршаған ортаға қалай әсер ететінін, оның қандай салдары болуы мүмкін екенін және олардың жойылуын қалай болдырмауға болатынын зерттейді.

Экологиялық география осындай практикалық мәселелермен айналысады:

- Құрылыс қажеттіліктері үшін адамдар жер бедерін қалай өзгертеді және бұл табиғатқа қалай әсер етеді.
- Шаруашылық қызмет климатқа, оның жылынуына қалай әсер етеді.
- Халық санының өсу қарқыны су ресурстарын пайдалануға қалай әсер етеді.

Географтар қалалардың практикалық мәселелерін зерттеуге қатысады, мысалы, қалалардың астындағы жер асты суларының көтерілуін зерттейді. Олар қаланың нақты орналасқан жері және ол орналасқан және кеңейіп жатқан табиғи орта туралы мәліметтерді береді. Географияны зерттеу әлемді, адамдарды және қоршаған ортаны тануға мүмкіндік беретіндіктен маңызды. Бұл ғылым адамзат өміріне әсер етеді, сондықтан оның құндылығы мәңгілік. Географиялық ойлаудың мәні — кеңістік заңдылықтарына талдау жасай білу, геожүйелер мен олардың компоненттерінің арасындағы өзара байланыстарды қазіргі әлемнің географиялық картинасына түсінік беретін тарихи әдістемелер негізінде анықтау. Географ әр түрлі материалдарды пайдалана отырып, жер беті мен оның жеке аудандарындағы табиғат пен шаруашылықта болатын өзгерістерге болжам жасай білуі керек. Қазіргі географтар жер бетінің күрделілігі мен қайталанбас ерекшеліктерін түсіндіретін көптеген заңдылықтарды ашты: географиялық қабықтың зоналылығы мен ырғақтылығы, геожүйелердегі зат және энергия айналымы, геожүйелердің космоспен байланысы, әр түрлі елдердегі шаруашылық дамуы тағы басқалар. Сонымен, әлем туралы географиялық білім уақыт өткен сайын кеңейіп отырады, ол табиғи процестердің динамикасы, мұхит суларының жағдайы мен циркуляциясы, шаруашылықтағы өзгерістер туралы мәліметтермен жыл сайын толығып отырады. Қазіргі уақытта жер бетіндегі экологиялық жағдайлар: ауа мен судың ластануы, шөлдің таралуы, топырақ тұздануы тағы басқа мәселелер зерттелуде. Карталарда стихиялық табиғат апаттары: жер сілкінуі, цунами, дауылдар, су тасқыны тағы басқалар Жер шары халқына, шаруашылығына зиянын тигізетін құбылыстар көрсетілуде. География ғылым мен техника төңкерісі әсерімен жедел дамып келеді. Бұл кезеңде география ғылымының дамуындағы негізгі ерекшеліктер төмендегілерден тұрады: географиялық зерттеулерде модельдендіру және тәжірибе әдістері, географиялық ақпарат жүйелері, компьютер технологиялары, ғарыштық әдістер кеңінен қолданылуда. Ғарыштық әдістердің көмегімен шеңбертәрізді құрылымдар, атмосфералық қозғалыстар, мұхит суының айналма қозғалысы және тереңдегі сулардың көтерілу үдерістері анықталды. Адамның табиғатқа әсері күшейіп, тіпті

географиялық қабық шеңберінен тысқа шығып кетті. Осыған байланысты зерттеулер жергілікті ділгірліктермен қатар, аса ауқымды проблемаларға назар аудара бастады. Ғылымда, анығырағы, географиялық ғылымдар ішінде жаңа бағыттар пайда болып келеді. Мысалы, ландшафттанудың ішінде қолданбалы ландшафттану, антропогенді ландшафттану секілді салалар бөлініп шықты. Сонымен қатар ыңғайлас ғылымдармен “аралықта” жаңа бағыттар мен ғылым тармақтары көріне бастады. Мысалы, география мен медицина аралығында медициналық география, география мен тарих, филология арасында жер атауларын зерттейтін топонимика ғылымы дүниеге келді. Қорытындылай келе география ғылымы адамзаттың өмір сүру кеңістігін, табиғатпен өзара байланысын, оның даму үдерістерін зерттейтін маңызды сала болып табылады. Географияның қоғам өміріндегі маңызы зор, себебі ол табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, экологиялық қауіптерді алдын алу және шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру үшін қажет. Географиялық зерттеулер мен деректер адамдардың тұрмысын жақсартуға, қоғамның экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және экономика салаларын дамытуға септігін тигізеді. География ғылымы арқылы адамзат өз өмірін табиғатпен үйлесімде жүргізіп, оның қоршаған ортаға әсерін азайта алады. Сондықтан географияның қоғамдағы маңызы жоғары болып, оның зерттелуі қазіргі таңда тағы да арта түседі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстанның физикалық географиясы: Оқулық / Ә.С. Бейсенова.
2. Шарипов Ш.М. және басқ., 2017 © «O‘zbekiston milliy ensiklopediyasi»
3. GEOS 52002 Ғылыми география модулі GTAM 5301 Географияның ғылыми теориялық негіздері пәні бойынша
4. Елгонов Жаныбек Дауренбаевич-Географиялық білім қоғамды дамытудың негізі
5. <https://www.nur.kz/family/school/2042506-chto-izuchaet-geografiya-i-kakie-ee-raznovidnosti-byvayut/>
6. [https://vk.com/wall-95236630\\_485](https://vk.com/wall-95236630_485)
7. [https://ruh.kz/geografiia-gylymy-biz-omir-suretin-alem\\_11071/](https://ruh.kz/geografiia-gylymy-biz-omir-suretin-alem_11071/)
8. География ғылымы – біз өмір сүретін әлем
9. <https://obrazovaka.ru/question/rol-geografii-v-sovremennom-mire-i-zhizni-cheloveka-268797>



## ГЕОГРАФИЧЕСКАЯ НАУКА И ЕЁ ЗНАЧЕНИЕ В ОБЩЕСТВЕННОЙ ЖИЗНИ

*Айдарбек Нұрсүндет Нысанғалиұлы*

**Научный руководитель:** Алимбаев Қанат Сейітқасымұлы

*География — это наука, изучающая Землю, её природную среду, а также взаимосвязи между человеком и природой. Географическая наука помогает человечеству выживать в различных природных условиях, организовывать хозяйственную деятельность, эффективно использовать природные ресурсы, а также поддерживать экологическое равновесие. Кроме того, география играет важную роль в историческом развитии человека, в его культуре и экономике. В настоящее время роль географии выходит за рамки простого описания физических характеристик Земли и охватывает такие важные аспекты, как экология, экономика и социальное развитие. В данной статье рассматривается значение географической науки в жизни общества и её основные направления развития.*

**Ключевые слова:** географическая наука, природная среда, связь человека и природы, общественная жизнь, географические карты, направления развития географии, географические знания.

## GEOGRAPHICAL SCIENCE AND ITS SIGNIFICANCE IN SOCIAL LIFE

*Aidarbek N.N.*

**Scientific supervisor:** Alimbaev K.S.

*Geography is a branch of science that studies the Earth, its natural environment, and the interactions between humans and nature. Geographical science helps humanity to survive in various natural conditions, to organize economic activities, to use natural resources efficiently, and to maintain ecological balance. In addition, geography plays an important role in human historical development, as well as in culture and economy. Today, the role of geography is not limited to explaining the physical characteristics of the Earth; it also involves broad research on crucial aspects such as ecology, economy, and social development. This article discusses the importance of geographical science in public life and highlights its main directions of development.*

**Keywords:** geographical science, natural environment, human–nature interaction, social life, geographic maps, directions of geographical development, geographical knowledge.

## REFERENCES

1. Beissenova, A.S. Physical Geography of Kazakhstan: Textbook.
2. Sharipov, Sh.M., et al. (2017). National Encyclopedia of Uzbekistan © "O‘zbekiston milliy ensiklopediyasi".
3. GEOS 52002 Scientific Geography Module; GTAM 5301 Theoretical Foundations of Geography Course Materials.
4. Elgonov, Zhanibek Daurenbaevich. Geographical Knowledge as a Basis for Social Development.
5. <https://www.nur.kz/family/school/2042506-cto-izuchaet-geografiya-i-kakie-ee-raznovidnosti-byvayut/>
6. [https://vk.com/wall-95236630\\_485](https://vk.com/wall-95236630_485)
7. [https://ruh.kz/geografiya-gylymy-biz-omir-suretin-alem\\_11071/](https://ruh.kz/geografiya-gylymy-biz-omir-suretin-alem_11071/)
8. Geographical Science – The World We Live In.
9. <https://obrazovaka.ru/question/rol-geografii-v-sovremennom-mire-i-zhizni-cheloveka-268797>